

ИНДЕР АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСІ

Индербор кенті

№ 12/2

23.07.2026 жыл

«Атырау-Индер» облыстық маңызы бар тас жолындағы ауыр жүк көліктерінің қозғалысы туралы

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 қарашадағы № 383-V «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңына сәйкес, Индер аудандық қоғамдық кеңесінің мүшелері күн тәртібіндегі мәселені талқылай келе, **ҚАРАР ҚАБЫЛДАДЫ:**

«Атырау-Индер» облыстық маңызы бар тас жолындағы ауыр жүк көліктерінің қозғалысы туралы Атырау облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясының өкілі А.Бисалиевтің және Индер аудандық полиция бөлімі бастығының орынбасары А.Құбашевтің хабарламасы назарға алынсын.

Атырау облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясының басшысына:

- 1) «Индер-Атырау» тас жолындағы нормадан тыс көп тиелген ауыр жүк көліктерінің жүруіне шектеу қоюды ұсынамын.
- 2) Ауыр жүк көліктерінің салмағын өлшейтін Индер ауданындағы автоматтандырылған өлшеу станциясына (АӨС) фиксатор бейнебақылау камераларын орнатуды ұсынамын.
- 3) Инертті материалдарды өндіруші кәсіпкерлердің ауыр жүк көліктерінің нормадан тыс артық тиелуін тиісті органдармен бірлесе отырып бақылауға алуды ұсынамын.

Индер аудандық полиция бөліміне:

- 1) «Индер-Атырау» тас жолындағы артық ауыр жүк тиелген жүк көліктеріне шектеу қоюды ұсынамын.

Индер ауданы әкімдігіне:

- 1) Ауыр жүк көліктерінің қозғалысы бойынша арнайы топ құрып рейдтік іс-шаралар жүргізуді ұсынамын.
- 2) Карьер иелерімен кездесіп, шамадан артық жүк тиемеуге ықпал етуді ұсынамын.

Аудандық Қоғамдық
кеңестің төрағасы



Ж.Дауталиев